

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 4 АҚПАНДАҒЫ  
ҚАУЛЫСЫ

1. Оқу ісі жөніндегі проректор *А.А.Сатмырзаевтың* «2019/2020 оқу жылының қысқы емтихан сессия нәтижелері туралы» анықтамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаевтың</i> «2019/2020 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы» тақырыбындағы ақпараты – назарға алынсын.		
2	Қысқы емтихан сессия қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен институттарға комиссия құрып, жұмыс нәтижесін ақпан айындағы Ғылыми кеңес мәжілісінде талқылау жүктелсін.	<i>Бірінші проректор М.А.Бектемесов</i> <i>Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмырзаев</i>	15.02.2020
3	Ақпан айындағы Ғылыми кеңес мәжілісіне жазбаша емтихан жұмыстарын тексеретін профессор-оқытушы құрамына төлемақы жасау мәселесі бойынша ұсыныс дайындалсын. Қашықтан оқыту жұмысының барысы мен нәтижелері туралы ақпан айындағы Ғылыми кеңес мәжілісінде есеп беру жүктелсін	<i>Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмырзаев</i> <i>Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбеков</i>	15.02.2020
4	Сессия нәтижелерін кафедра отырысында және институт Кеңесінің кеңейтілген отырысында талқылау жүктелсін. Үлгерімнің төмен деңгейінің себептерін жою бойынша кафедрада жоспар бекітілсін, олардың тиімді іске асырылуы қамтамасыз етілсін. емтихан сессиясы барысындағы «Академиялық адалдық» Кодексінің ережелерінің бұзылу фактілері анықталған топ эдвайзерлеріне катысты шара қолданылсын.	<i>Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмырзаев</i> <i>Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбеков</i> <i>Біліктілікті жетілдіру және қашықтан оқыту орталығының директоры А.А.Семченко</i>	20.02.2020
5	«Академиялық адалдық» Кодексінің ережелерін сақтау бойынша білім алушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу күшейтілсін.	<i>Институт директорлары,</i> <i>директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары,</i> <i>кафедра меңгерушілері</i>	Үнемі
6	Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына байланысты «Академиялық адалдық» Кодексінің сақтаған және үлгерім деңгейі жоғары топтарға «Абай тобы» атағы берілсін және ақпан айындағы Ғылыми кеңес мәжілісіне Ережесі дайындалып, талқылауға ұсынылсын. <i>Сабақ</i> үлгерімі жоғары студенттерге «Абай»	<i>Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбеков</i>	15.02.2020  01.03.2020

	<p>степендиясы берілсін және ақпан айындағы Ғылыми кеңес мәжілісіне Ережесі дайындалып, талқылауға ұсынылсын.</p> <p>- Жазбаша жұмыстарды критериалды бағалау бойынша ереже дайындау үшін <i>жұмыс тобы құрылсын.</i></p> <p>- Жазбаша емтихандарды жүргізу процедурасы қайта каралсын.</p>		
7	<p>- Оқу пәнінің мазмұны, педагогика және оқыту әдістемесі бойынша Ұлттық біліктілік тестілеуге дайындық бойынша педагогикалық бағыттағы бітіруші курстардың іс-шаралар <i>жоспары әзірленсін.</i></p>	<p><i>Институт директорлары, кафедра меңгерушілері,</i> Тест орталығының бастығы <i>Д.Н. Исабаева,</i> «Мансап» орталығының бастығы <i>Р.К. Жетібай</i></p>	15.02.2020
8	<p>- барлық пәндерден білім алушының оқу жетістігін бағалауға мүмкіндік беретін тест тапсырмалары мен емтихан сұрақтары дайындалсын және сараптама жүргізілсін.</p> <p>- жазғы емтихан сессиясында тест түрінде тапсырылатын әрбір пән бойынша тест тапсырмаларының түрлері (тізбектілікті, сәйкестілікті, реттілікті анықтауға арналған, контексті тестік тапсырмалар және бір немесе бірнеше жауабы бар тест тапсырмалары)енгізілсін.</p>	<p>Тестілеу орталығының бастығы <i>Д.Н.Исабаева,</i> <i>Институт директорлары,</i> директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, <i>кафедра меңгерушілері</i></p>	15.04.2020  15.05.2020
9	<p>- «Univer» жүйесін «1С:Бухгалтерия-студент» модулімен толықтыру жүктелсін.</p> <p>- Білім алушылардың білімін «Модульдік пәндерден» кешендік бағалау үшін (межелік, ағымдық, аралық бақылау)«Univer» жүйесіне 3 немесе 4 пәннен тұратын «Модульдік пәндер» блогымен <i>толықтырылсын;</i></p> <p>- Көктемгі сессияның емтихандарына мониторинг жүргізу үшін заманауи бейнебақылау камералары орнатылсын.</p>	<p>Білімді ақпараттандыру департаментінің директоры <i>Б.С. Ахметов</i></p>	15.05.2020
10	Осы шешімнің орындалуын қадағалау оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаевқа</i> жүктелсін.		

2. Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры *А.М.Байдильдинаның* «Абай атындағы ҚазҰПУ-дің жаңартылған білім беру бағдарламаларының мәселелері мен даму болашағы туралы» анықтамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	<p>- Институттар бойынша Академиялық кеңестердің құрамы жасақталып, <i>бекітілсін.</i></p> <p>- Білім беру бағдарламасының жалпы құрылымын дайындап, ақпан айындағы Ғылыми кеңесте бекіту жүктелсін.</p>	<p>Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаев,</i> Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры <i>А.М.Байдильдина,</i> <i>Институт директорлары, кафедра меңгерушілері</i></p>	10.02.2020  28.01.2020

2	- Minor бағдарламаларының тізімі және мазмұны дайындалсын.	<i>Институт директорлары, кафедра меңгерушілері</i>	01.03.2020
3	- 2020-2021 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары әзірленсін.	Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаев</i> , Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры <i>А.М.Байдильдина</i> , <i>Институт директорлары, кафедра меңгерушілері</i>	01.03.2020
4	- ЖБББЖ (ЕСУВО) Реестріне білім беру бағдарламалары енгізілсін.	Білімді ақпараттандыру департаментінің директоры <i>Б.С.Ахметов</i> , «Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығының директоры <i>Т.А.Сейілханов</i>	01.03.2020
5	- Білім алушылардың пәндерді және Minor бағдарламаны таңдау мүмкіндігі қамтамасыз етілсін.	Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаев</i> , Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н. Жанбеков</i> , <i>Институт директорлары, кафедра меңгерушілері</i>	01.03.2020
6	- Білім алушылардың пәндерге тіркелуі және оқытушыны таңдау жүйесі ендірілсін.	Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаев</i> , Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н. Жанбеков</i>	01.03.2020
7	- Пәнді зерделеу қорытындылары бойынша сауалнама жүйесі енгізілсін (сессиядан кейін)	Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры <i>А.М.Байдильдина</i> , Даму стратегиясы және сапаны сараптау департаментінің директоры <i>Б.Қ.Дамитов</i>	01.03.2020
8	- "Болашақ"бағдарламасының түлектерін жұмысқа тарту бойынша ұсыныс дайындау жүктелсін	Әкімшілік департаментінің директоры <i>Ғ.С.Дулатов</i> , Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры <i>А.С.Танабаева</i> , <i>Институт директорлары, кафедра меңгерушілері</i>	01.07.2020

3. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Ғылыми кеңесі Тарих және құқық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор **Б.С. Жұмағұловтың** «Тарих және құқық институтының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының орындалуы» есебін тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС**

**ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1	Тарих және құқық институтының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының орындалу барысы қанағаттанарлық деп танылсын.		
2	- Институт мамандықтары бойынша болашақ кадрлардың білім сапасын арттыру және білім саласының жұмыс берушілерінің сұраныстарына сәйкес дайындау мақсатында білім бағдарламаларын уақыт талабынан туындаған пәндер негізінде жетілдіру ісі жалғастырылсын	Тарих және құқық институтының директоры <b>Б.С. Жұмағұлов</b> , Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <b>Х.Н. Жанбеков</b> , Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры <b>А.М.Байдильдина</b> , <i>Тарих және құқық институтының кафедра меңгерушілері</i>	Жыл бойы

3	- Институтта жаңадан ашылған мамандықтарға талапкерлерді тарту мақсатында кәсіби бағдар жұмысы кезінде сол мамандықтар туралы түсіндіру жұмыстары (презентация, ашық есік күні, мектеп бітіруші түлектер арасындағы үгіт-насихат) күшейтілсін	Тарих және құқық институтының директоры <b>Б.С. Жұмағұлов</b> , Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры <b>Н.Әуесбекұлы</b> , <i>Тарих және құқық институтының кафедра меңгерушілері</i>	<i>ақпан-мамыр 2020 жыл</i>
4	- Алтын Орданың 750 жылдығы мерекесіне орай «Қоғамдық кеңістік пен ғылымдағы Алтын Орда» атты фестивалдың жоғары деңгейде өткізу жауапкершілігі жүктелсін. - «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК-мен бірлесе отырып Абайдың 175 жылдығына арналған «Адамзаттың Абайы – Алматы төрінде» атты жылжымалы көрме өткізуді ұйымдастырсын. - Институт профессор-оқытушылар құрамының шетелдік ғалымдармен бірлескен ғылыми мақалалар шығаруы одан әрі күшейтілсін.	Тарих және құқық институтының директоры <b>Б.С. Жұмағұлов</b> , Ғылым департаментінің директоры <b>С.Қ. Сахиев</b> , <i>Тарих және құқық институтының кафедра меңгерушілері</i>	<i>24 сәуір 2020 жыл</i>  <i>15-30 сәуір 2020 жыл</i>  <i>үнемі</i>
5	- Университеттің Стратегиялық даму жоспарына сәйкес Алматы қаласындағы №15 мектеп-гимназиясында ашылған Академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының филиалын жасақтау жұмысы жалғастырылсын. - Халыққа тегін құқықтық кеңес қызметін көрсететін, әрі «Құқықтану» мамандығының білім алушылары үздіксіз тәжірибеден өтетін «Заң клиникасы» кабинетінің пилоттық жобасын жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылсын.	Тарих және құқық институтының директоры <b>Б.С. Жұмағұлов</b> , мансап орталығының бастығы <b>Р.Қ. Жетібай</b> , <i>Тарих және құқық институтының кафедра меңгерушілері</i>	<i>үнемі</i>  <i>Жыл бойы</i>
6	- Тарих және құқық институтының студенттерімен тәрбие жұмыстары күшейтіліп, уақыт талабына сай тәрбиелік-танымдық іс-шаралар өткізілсін	Тәрбие және әлеуметтік ісі жөніндегі проректор <b>Ж.Е. Ішпекбаев</b> , Тарих және құқық институтының директоры <b>Б.С. Жұмағұлов</b> , <i>Тарих және құқық институтының тәрбие жетекшілеріне</i>	<i>үнемі</i>

4. Берілген шешімдердің орындалуын қалағалау бірінші проректор **М. Бектемесовке** жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



*Handwritten signatures in blue ink, including the signature of M. Bektemesov.*

Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева